



ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Л.С. Выготскийдің ойлау мен
сөйлеудің дамуын зерттеу
методологиясының ерекшеліктері



Л.С.Выготский Пиаже еңбектерінде баланың дамуындағы биологиялық пен әлеуметтіктің сырттай және бір-біріне жаттанды әрекет жасайтын күш ретінде берілетіндігін оның зерттеулері бойынша жасалған қорытындыларынан байқаған. Пиаже зерттеулерінің негізгі қорытындысы — бұл баланың екі жақты ақиқат дүниемен өмір сүретіндігі жайлы ойы. Бірінші әлем — өз табиғатына тән өзіндік ойлауы негізінде, екінші әлем оның айналасындағы адамдардың оған ықпал еткен логикалық ойлауы негізінде құрылады. Осыдан келіп, балада оның ойының қосарлануы нәтижесінде екі жақты ақиқат дүние пайда болуы керек. Екі әр түрлі станок — екі түрлі мата шығаратыны сияқты: екі ойлау тәсілі — екі шындық дегенді білдірсе керек. Пиаже баланың эгоцентризмге байланысты: “Басқаларға сынау тасы болып келетін, бала үшін ерекше шындық болмай ма екен немесе бала эгоцентризм мен әлеуметтену күйіне байланысты бірін-бірі шығарып тастай алмайтын, бірдей шынайы екі әлемнің ішінде бола ма екен деген сұрақ қояды. Сірә, осы екінші болжам мүмкіндеу шығар. Пиаже баланың осы шынайы әлемнің екі өрістілігінен қиналу мүмкіндігі дәлелденбеген деп пайымдайды. Ол балада бірнеше шындықтың болатындығын және олардың, біздердегідей иерархиялық қатынаста болудың орнына, алма-кезек болатындығын пайымдайды. Ғалымның ойынша, 2—3 жасқа дейін созылатын бірінші сатыда шындық — бұл жай ғана өзінің қалауы екен. Фрейд айтқан «Қанағаттану заңы» әлемді өз бетінше өзгертеді және өңдейді. Екінші саты бірдей шынайы әрі әртектес шындықтың: өз ойын әлемі мен бақылау әлемінің пайда болуын белгілейді».

Бұл ой тек Пиажеге ғана тиесілі емес. Пиаже теориясы сияқты, принципті ұстанымнан шығатын бала психологиясының барлық теориялары да осы ойды құптады. Бала екі әлемде өмір сүреді. Оған зорлап таңылған әлеуметтік дүние бала үшін жат болып келеді. Сол кездері В.Элиасберг осы ойды, баланың автономды сөйлеуі жайлы айта отырып, жақсы көрсете білді. Баланың сөйлеу арқылы әлем туралы игерген ой-пікірін қарастыра отырып, ол осылардың барлығы баланың ойдағысы мен суретінен байқалатын тұтастыққа қарама-қарсы және баланың табиғатына сай келмейді деді. Ересек адамның сөзімен бірге, — дейді ол, — бала категориялы формаларды, субъективті және объективті бөлінуді, мен және сенді, онда мен мұнданы, қазір мен кейінді игереді. Балада екі жан өмір сүреді дейді: бастапқысы — байланысы көп бала жаны, екіншісі — әлемді категориялар ретінде басынан кешіретін ересектер әсерінен пайда болатын жан дейді. Екі жан: екі әлем, екі шындық. Бұл бір-біріне сырттай және бейтаныс бастама ретінде әсер етуші биологиялық және әлеуметтікке қатысты негізгі мәселеден туатын шарасыз логикалық салдар болып табылады.

Бала ойларының әлеуметтену процесі дегеніміз не және оны ғалымдар қалай суреттейді? Выготский мұның балаға жат, сырттай екендігін айтады. Енді тағы бір маңызды бақылау: Пиаже әлеуметтенуден логикалық ойлаудың дамуының негізгі қайнар көзін көреді. Бірақ әлеуметтену процесі шынында неден тұрады? Осы сұраққа жауап іздеп көрейік.

Әлеуметтену процесі баланың тек өзі үшін ойлауы емес, өз ойлауын басқалардың ойлауына бейімдей бастауынан тұрады. Өзіне-өзі қожа бала логикалық ойлаудың қажеттілігін ешқашан ұғынбас та еді. Ол тек қиялдың көмегімен әрекет жасайды. Выготский: «Онда бала ойлауының дамуында сыртқы объективті шынайылық ешқандай шешуші рөл атқармайтынын мойындағанымыз болады. Өзіміздің ойымыз бен басқаның ойының бір-бірімен кездесуі адамда күдік тудырады және дәлелдеуді қажетсінеді. Басқа сананың болмауынсыз тәжірибе сәтсіздігі адамдарды одан әрі қиялының дамуы мен зиянкестікке алып келер еді» деген күмән келтіреді.

Выготский мынандай өте қызық ой айтады. Біздің миымызда үнемі өзіміздің “меніміздің” күшіне қатысты көптеген жалған ойлар, таңғаларлық, іске аспайтын армандар, мистикалық түсініктер пайда болып жатады. Алайда осының барлығы өзімізге таныс дүниемен жанасқанда тарқай бастайды. Бұл мәселе А.А. Богдановтың физикалық денелік қатардың объективтілігі — ол жалпы мәнділік, физикалық дененің объективтілігі өз тәжірибемізде кездесе отырып, ақыр соңында дүние — бұл әлеуметтік келісілген, әлеуметтік үйлесімді және әлеуметтік түрде ұйымдастырылған тәжірибе деген әр түрлі адамдардың өзара тексеруі мен келісуі негізінде туған пікірлері арқылы орнатылады деген іліміне жақын келеді.

Осы жерде Пиаже Э.Махпен бір пікірге қосыла ма деген ой туады, бірақ, жоғарыда ұсынылған себептілік тура- лы тұжырымдамасын еске түсірсеңіз, онда екеуінің бір пікірде екеніне күмән туа ма екен. Балада себептіліктің дамуы туралы айта келе, Пиаже өте маңызды дәлел табады: ол Клапаредтің сана заңына сүйене отырып, ұғыну әрекеттен соң жүреді және әдеттегі бейімделу қиындыққа тап болғанда пайда болады дейді. Пиаже егер біз өзімізден себептілік, мақсат т.б. туралы ойлар қалай пайда болады деп сұрайтын болсақ, онда «осы шығу тегінің мәселесі тұлғаның қалайша себептілік, мақсат, кеңістікке қызығушылық танығға баста- уына алып келеді деп пайымдайды. Осы категорияларға деген қызығушылық



олардың ішіндегі біреуіне қатысты әрекет жасау мүмкін болмағанда туады деп ойлауға да болады. Қажеттілік сананың пайда болуына әкеледі, ал адам себептілікке бейімделуге деген қажеттілікті сезінген кезде себептіліктің санасы ойда жылт етеді». Дағдылы, инстинктивті бейімделу кезінде ақыл-ой өзіне категориялар жайында есеп бермейді. Дағдылы актіні орындау біздің ақыл-ойымызға ешқандай міндет бермейді. Қиындық жоқ, яғни қажет- тілік те жоқ, соған орай сана да болмайды.

Логикалық категориялар жайлы схоластикалық (діни) реализм мен канттық априоризмдерді ескере отырып, Пиаженің өзі осы теориялар ойлау тарихында категорияларды олардың шығу тегі ретінде және олардың ғылым тарихында пайдалана түсуінің дамуын анықтауды алдына міндет етіп қойғандықтан, прагматикалық эмпиризм көзқарасына бет бұрады. Осы тұста Выготский былай дейді: «Біз Пиаженің субъективті идеализм позициясына тұрғанын ғана емес, сонымен бізге өзінің тапқан фактілеріне сенсек, олар бізді реалистік таным теориясына алып келуі мүмкін деген өзінің фактілеріне қарама-қарсы тұрғанын да байқаймыз».

Пиаже балада дүние туралы қандай ойлар бар екенін анықтауға арналған еңбегінде ойлаудың реализмі, анимизм және артифициализм — бала дүниетанымындағы басым үш белгі болып келеді деген қорытындыға келеді. Міне, осы қорытынды ішкінің немесе психикалықтың, дүние мен сыртқы немесе денелік (физический) дүниенің ажыратылуы туа біткен емес деген Махтың пікірін бастапқы мәселе етіп алған зерттеуші үшін негізгі қорытынды болып келеді. «Алайда бұл көзқарас әлі де болса таза теориялық болды. Махтың болжамы генетикалық психологияға сүйенбейді, ал Д.Болдуиннің «генетикалық логикасы» эксперименттік емес, субъективті шығармаға жақын» деп ой қорытады. Осы тұста Выготский Пиажеге бала ойының алғашқы сипаты реалистік болып келеді деп, өзі айтқан қарама қайшылыққа тап болды деген сын айтады. Оның ойынша «тәжірибе ақылды қалыптастырады, ал ақыл тәжірибені қалыптастырады. Шынайылық пен ақылдың ортасында өзара тәуелділік бар. Логика мен шынайылықтың қатынасы туралы мәселе, ең алдымен, таным теориясына жатады, бірақ генетикалық көзқарас тұрғысынан ол психологияның ішінде бар, сонда да логика- ның эволюциясы себептіліктің шынайы категорияларын анықтайды.

Выготский Ж.Пиаже шынайы категориялар мен формалды логика категорияларының арасында ұқсастық тіпті белгілі **параллелизм** бар деп көрсетіп қана қояды деп жазады. Тек логикалық эгоцентризм ғана болмайды, сонымен бірге онтологиялық эгоцентризм де болды, осы логикалық және баланың онтологиялық эгоцентризмдері жарыса отырып дамиды деген ойымен келіседі. Осы параллелизмді таба отырып, Выготский оны анықтайтын фактілердің механизмі қандай, шынайы ойдың мазмұны логикалық форманы анықтай ма немесе керісінше ме деген сұрақтарға жауап іздей бастайды.

Шынайылық пен осыған баланың қарым-қатынасының жоқтығы, яғни баланың тәжірибелік іс-әрекетінің жоқтығы — міне, дәл қазір негізгі мәселе мыналар: Бала ойлауының әлеуметтенуі Пиажеде тәжірибеден тыс, дамуына әкелетін жанның таза қарым- қатынасы ретінде ақиқат дүниеден бөлініп қарастырылады. Шындықты тану және логикалық түрлері шынайылықты тәжірибелік түрде меңгеру процесінде емес, бір ойлардың келесі ойларға бейімделуі барысында пайда болады. Пиаже шындық — бұл әлеуметтік ұйымдастырылған тәжірибе, өйткені заттар мен шынайылық баланың ақылын даму жолымен итермелейді. Олар өздері ақылмен өңделеді. Өз бетімен кеткен бала мағынасыз дами берер еді. Шынайылық оны логикаға ешқашан үйретпес еді. Міне, баланың логикалық ойлауы мен оның дамуын шынайылықты меңгеруге бағытталған баланың қоғамдық тәжірибесін есепке алмай, шынайылықтан мүлдем үзіп, сананың таза қатынасынан “бөліп алу» — Пиаже зерттеулерінің ішіндегі ең маңызды пунктін құрайды.

Выготский Пиаженің дерексіз вербальды ой туралы ойлары туралы да жазады. Әрекетсіз сөз түсініксіз. Балалар бір-бірін түсінбейді. “Әрине, — дейді ол, — балалар бірге ойнаған кезде бірлесіп қандай да бір затты қолдарымен сұрыптайды, бір-бірін түсінеді, өйткені олардың тілі қысқартылған болса да, ол қарсыласына әрекеттің басталуын бейнелейтін және көрнекі мысал болып келетін ым-ишарадан тұрады. Балалар әрекетсіз бір-бірін түсіне ме? Бұл күрделі мәселе, өйткені осы сөздік жазықтықта бала ересектерді ойына және өзінің логикалық ойына үйренуге бейімделуге бар күшін жұмсайды». Осы сұраққа Пиаже өзінің арнайы зерттеулеріне сүйене отырып: балалар вербальды ойды және бір-бірінің тілін түсінбейді деп жауап береді.

Осы ретте Выготский Лев Семенович логикалық ойлауға үйрету әрекеттен тәуелсіз түрде вербальды ойды түсінуден пайда болады деген пікір баланың түсінбеушілігіне қатысты фактінің негізінде жатыр деген ой айтады. Пиаже өз еңбегінде әрекет логикасы ойлау логи- қасының алдында жүреді деп көрсеткен сияқты еді. Алайда ол ойлауды ақиқаттан мүлдем үзіліп қалған іс-әрекет ретінде қарастырады. Ойлаудың



негізгі қызметі ақиқат дүниені тану және бейнелеу болғандықтан, шынайылықтан тыс қарастырылатын ойлау — фантомдардың (елес) қозғалысы, өлі денелердің шеруі, көлеңкелердің бірігуі, бірақ баланың шынайы да мазмұнды ойы емес.

Выготский былай дейді: «Пиаженің себептілік заңын даму заңымен ауыстыруға тырысатын зерттеулерінде даму туралы түсініктің өзінің жоғалып кетуі осыдан. Пиаже бала ойынан логикалық ойдың пайда болып, дамуы көрінетін бала ойлауы мен логикалық ойлаудың байланысын ерекшелікке жатқызбайды. Керісінше: Пиаже логикалық ойлаудың бала ойлауының ерекшеліктерін қалай ығыстыратындығын, оның баланың психикалық түпнегізіне сырттан еніп, сол арқылы өзгеретінін көрсетеді».

Бала ойлауының барлық ерекшеліктері байланыссыз тұтастықты немесе өзінің ерекше логикасын құрама деген сұраққа, Пиаже: «Бала өзінің бірегей ақыл-ойының ұйымдастырылуын табады, бірақ оның дамуы кездейсоқ жағдайларға тәуелді», — деп жауап береді. Ақылдың түпнұсқалық жинақылығы баланың өз мәнінде жатыр, ол даму процесінде пайда болмайды деген ойды осыдан анық етіп айтуға болмас.

Выготскийдің айтуы бойынша даму дегеніміз — өзі қозғалу емес, ол кездейсоқ жағдайлардың логикасы. Өзі қозғалу жоқ жерде — дамуға да орын жоқ, ол жерде біреуі екіншісін ығыстырады, алайда жаңадан пайда болмайды.

Выготский бұл жерде Пиаже бала ойлауының ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оның әлсіздігін, дәрменсіздігін, иррационалдығын, оның ересек адамның ойлауына ұқсастығын көрсетуге ұмтылады дейді. Соған орай, кезінде Л. Леви-Брюльге қарапайым ойлау теориясына қатысты қойған сұрақ туындайды. Егер бала тек қана синкреттік ойлайтын болса, егер синкретизм баланың бүкіл ойлауына тән болса, онда баланың шынайы бейімделуі қалай мүмкін екені түсініксіз болады.

Ерекше айта кететін жайт, Выготский Лев Семенович Пиаженің барлық фактілі қағидасына екі мәнді түзетулер енгізеді. Біріншіден, Пиаже өзі айтатын ерекшелердің әсер ету сферасын шектеу қажет дейді автор. Выготскийдің тәжірибесі, бала байланыстырып және қисынды ойлай алмайтын жерде синкреттік түрде ойлайтындығын көрсетті. Мысалы: Баладан аспандағы күн неге құламайды деп сұрағанда, ол, әрине, синкретті (тұтас) жауап береді. Бұл жауаптар, тәжірибедегі үзік сферадағы бала — ойын басқарушының беталыстарды тануға көмектесетін маңызды белгілері болып табылады. Ал егер баланың тәжірибесіне сай, тәжірибелік тексеруіне сай заттар туралы сұраса және осы заттар шеңбері оның тәжірибесіне тәуелді болса, онда баладан синкреттік жауап күтпесе де болады. Тасқа сүрінген баладан неге қулағанын сұрағанда, тіпті ең кішкентай бала да, Пиаженің зерттеулеріндегі балалардың "Ай неге жерге құламайды?" деген сұрағына жауап бергендей, жауап қатпас еді.

Сонымен, бала синкретизмінің шеңбері қатаң түрде бала тәжірибесімен анықталады, осыған байланысты осы синкретизмнің прототипін, бейнесін, ұрығын табу керек дейді Выготский.

Выготский осы синкретизм әсері аймағының шектелуімен бірге тағы да бір түзету енгізеді. «Пиаже үшін, дейді ол «бала тәжірибе үшін жасырын сыр деген қағида негізгі болып қала береді. Алайда осы жерде қызықты анықтама пайда болады. Пиаже тәжірибе адамды арнайы, жеке, техникалық жағдайларда түсіндіреді дейді де, сирек жағдайларға жер өңдеу, аңшылық, өндірісті жатқызады: «Алайда бұл ақиқат дүниемен өткінші байланыс оның ойларының бағытына ешқандай әсер етпейді, — дейді. — Балаларда да осылай болмай ма?». Алайда өндіріс, аңшылық, жер өңдеу ақиқат өмірмен өтпелі байланысқа түсу ғана емес, ол адамның шынайы өмірінің мәнін құрайды. Балаға қатысты қолдан- ғанда да, Пиаже өз зерттеулерінде тапқан ерекшеліктердің түп тамырын ашып көрсетеді. "Бала ешқашан да заттармен шын байланысқа түспейді, өйткені ол еңбектенбейді. Ол заттармен ойнайды, оларды зерттемей-ақ сене береді», — дейді.

Выготскийдің пікірінше, Пиаже тапқан дәлелдер мен орнатқан заңдылықтар жалпылама емес, шектеулі мәнді. Олар шынында да дәл қазіргі арнайы әлеуметтік жағдайда дұрыс, осында және қазір. Міне, Пиаже зерттеген баланың ойлауы ғана осылай дамиды. Автор: «Пиаже тапқан заңдылықтар мәні — табиғаттың мәңгілік заңдары емес, алайда табиғи және әлеуметтік заңдар — олардың айқындығы соншама, оларды Пиажені сынаушылардың бірі — В.Штерн де атап өтті» дейді.

Штерннің ойынша, Пиаже бала 7 жасқа дейін әлеуметтіктен гөрі эгоцентрлік сөйлейді деп айтқанда және осы жас шегінің екінші жағына қарай сөйлеуде әлеуметтік функция басым бола түседі деп сендіре тұрып, өте алысқа кетеді дейді. Бұл қателік Пиаженің әлеуметтік жағдайдың мәнін аса ескермегендігіне негізделеді. Бала эгоцентрлік пен әлеуметтіктің қайсысында көбірек сөйлейді — бұл оның жасына ғана



емес, сонымен қатар жағдайына да тәуелді. Отбасылық өмір мен тәрбие шарты бұл жерде айқындаушы болып келеді. Оның бақылаулары бір-бірінің жанында ойнайтын балабақша балаларына арналған. Бұл заңдар мен коэффициенттер Пиаже бақылау жүргізген арнайы бала ортасына ғана жүреді және жалпылауға келмейді. Тек ойын әрекеттерімен айналысушы балаларда арасында ойынның монологтік түрі өте кең тарайды. Гамбургтегі М.Мухова балабақшаның өзгеше құрылымды болуының шешімді маңызы бар екенін аңғарды. М.Монтессоридің балабақшаларындағы сияқты, Женевада да бір-бірінің жанында жеке-дара ойнайтын балалар бақшасында, бір-бірімен бірлесіп ойнайтын әлеуметтік байланыс тығыз орныққан неміс балабақшаларына қарағанда, эгоцентрлік сөйлеудің көрсеткіші басымдау екенін айтады.

Үйдегі баланың мінез-құлқы одан да өзгеше болады, себебі сөйлеуге үйрену процесі әлеуметтік. Бұл уақытта балада көптеген тәжірибелі және рухани қажеттіліктер пайда болады, ол көп нәрсе туралы сұрауы, тыңдауы керек, түсінуге және түсінікті болу үшін, яғни әлеуметтік сөйлеуге деген ұмтылыс бастапқы жылдардың өзінде-ақ маңызды рөл атқара бастайды. Осыған дәлел ретінде Штерн өзінің баланың сәби шағында сөйлеуінің дамуын сипаттайтын көп мәлімет жиналған кітабын фактілік бөліміне негізге алады.

Выготскийді сөз тек қана эгоцентрлік сөйлеудің санында емес, бұл жерде сөз Пиаже орнатқан заңдылықтардың табиғатында болып тұрғандығы қызықтырады. Бұл заңдылықтар Пиаже зерттеген әлеуметтік ортаға тән. Аз ғана өзгерісте осы заңдылықтар Германияда мүлдем басқа бейнеге ие болады. Егер біздің елімізде баланың айналасындағы мүлдем басқа әлеуметтік ортада құбылыстар мен процестерді зерттеуге кіріссек, онда олар мүлдем өзгеріп кетер еді дейді Лев Семенович. Выготский орысша басылымға алғы сөзінде Пиаже: «Женевадағы балалардың әлеуметтік ортасындағыдай, бір ғана әлеуметтік ортада, мен сияқты жұмыс істеуге мәжбүр болса, онда бала ойлауындағы индивидуалдық және әлеуметтік рөлді табу мүмкін емес, — деп ашық айтқынын сөзіне дәлел ретінде айтады. Осыған жету үшін балаларды әр түрлі, тіпті түрліше әлеуметтік ортада зерттеу керек».

Выготский Пиаженің зерттеулеріндегі балалардай емес, мүлдем басқаша, әлеуметтік ортадағы баланың ойлауының дамуын зерттеу маңызды заңдылықтардың ашылуында алда болғанын атап өтсек болады.

Сонымен, Выготский Лев Семеновичтің теориясының ерекшелігі баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауда тәжірибелерді, тыныс-тіршілік шындығын өзгелердің сөзінен, тәлім-тәрбие өнегесінен жанамалай үйренуі. Ең жоғары қызмет, яғни, болмыстың бала санасындағы бейнелеуі деп аталады. Егер баланың табиғи дамуында оның психикасы күрделеніп, сана-сезімі жетілетін болса, ал оқу-тәрбие жұмыстары арқылы оның дүниетанымы мен білімінің шеңбері кеңейеді. Оның дамып жетілуі, сыртқы ортадан түйсініп, қабылдаған, көріп білгендерін ой елегінен өткізіп санасының өрістеуіне әсер етуін сыртқы факторлардың, яғни экстерниоризацияның, ішкі факторларға, яғни интерниоризацияға, айналуымен белгіленеді.

Қосымша әдебиет:

1. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. - М., 2009
2. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова / - 2012.
3. Детская психология: учебное пособие /Д.Б.Эльконин; ред.сост. Б.Д.Эльконин .-6-е изд., стер.- / - 2011
4. Возрастная психология: учебник для бакалавров / Л.Ф. Обухова / - 2014
5. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / - 2014